



Отандас

Астана іргесіндегі «Родина» агрофирмасының директоры Иван Сауэр туралы сыр

Адам баласына берілетін ең жоғары әрі жүрекке жақын баға – абырой. Халқымыз оны «тірнектеп жиналады» деген пәлсапалық тереңдікпен әу бастан-ақ айтып қойған. Әрине, ол көктемнің жылымығындай жалғандықпен емес, қиындығы қырық қарыс қайсар еңбектің қайтарымындай жаныңды жадыратса ғана қайырлы болмақ. Мұндай адамдар көп бізде. Саралап санай берер тұлғалардың да тұлпары барын ескеріп барып, жұлдыздарға көз қадайсың. Ағып та жатқандары бар, жанып та жатқандары бар. Жақсы мағынада айтқанда, «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэрді осы екі баламаның қатарына бірдей қоссақ, аса қателесе қоймаспыз. Өйткені, Иван Адамович өз еңбегінің жемісін көріп қанаттанған, өзі аузынан тастамайтын «Мен әрқашанда істің көркеюін, адамдардың сәттілік сатысынан түспеуін қалаймынның» адамы.

Қарап отырсақ, тіршіліктің төл тебіреністері, өмірдің мәні мен ұғымын ұзартар қағидаттары барына қайрансың. Соның бір парасы бұрын көрмеген жанды бірден бойыңа жақын тартума деп қаласың. Ол несімен баурайды сонда? Жүрегінің кеңдігімен, парасатының биіктігімен, айналасына шуақ таратар ішкі жылылығымен, уақыттың демін дәл сезінуімен, іскерлік қабілетінің жоғарылығымен деп тізбелей берсек, таусылар ма? Қырық жылға жуық журналистік қадамы бар адам үшін мұндай пайым таңсық емес. Сонда да селк еткің келеді, сондай кісілердің көп болғанын қалайсың. Азаматтар жоқ емес. Оларды тани білу керек...

Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласына қоныс аударған кез. Жиналыстар көп шақырылатын. Президиумда республикалық деңгейдегі лауазымды кісілер жиі отыратын басқосулардан газетке есеп жазуға тура келгендіктен барамыз. Осы жиналыстардың маңызын салмақтандыру үшін әлгі өкілдердің аты-жөнін тәптіштеп, сөйлеген сөзіне екпін түсіре жазамыз.

Уақыт өте стиль өзгерді. Таңдап барып, талғап жазуға тырысамыз. Бірде «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының есеп беру-сайлау жиналысына шақырылды.

Дайындық мықты. Концерттер қойылып, көрмелер ұйымдастырылған. Делегаттарды былай қойып, мекеме басшылары, партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін қос қанда, жалпы адам қарасы 300-ге жуықтайды. Президиумда екі орынтақ қойылған. Мен ғана емес, баршаның жүзінен «екінші креслоға кім жайғасады?» деген сұрақ мәнмұндалап тұр. Көп ұзамай сахнаға облыс әкімі, филиал төрағасы Қосман Айтмұхаметов пен сұңғақ бойлы, ашаң жүзді кісі ширақ қимылдап шықты. Біраздан кейін жиналыс төрағасының тәртіпке шақырғанына қарамастан, залдың әр бұрышынан «Оу, бұл өзіміздің Иван Адамович қой!» деген таңданысынан қуанышы басым дауыстар дүр етті. Президиумнан астаналық адамдарды іздеп дағдыланғандықтан болар, алғашында танымаппыз. Алдымызда Целиноград ауданындағы «Родина» Агрофирмасы» ЖШС директоры Сауэр отыр. Ол «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі екен. Ол өз кезегінде төгілдіріп демегенмен, қарапайым толғамдармен тебіреніп сөйледі. Таспа-тас сендіреді екен. Көпшілік жетекші партияның жаңашыл ұстанымына риза болды.

Өмір өзгереді. Уақыт алға жылжиды. Соған байланысты көп нәрсе басқаша сипатқа ие болады. Бірақ кейіпкеріміз, оның ұстанымы, мінезі бірқалыпты. Сондықтан да жұртшылық оны: «Өзіміздің Иван Адамович», дейді. Көшеде көрсе де, көшелі жиналыста көрсе де, теледидардан көрсе де осыны айтады! Ауқымында қаншама ізет-құрмет жатыр десеңізші. Иван Адамович туралы, оның «Родинасы» туралы әжептәуір ілтипат естідім. Халық құрмет сөзін жай айтпайды екен. Әмбебап шаруашылық «Алтын сапаның» ең алғашқы жеңімпазы. Былтыр тағы да иеленді. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені жетістіктерінің дәстүрлі «Қара өткел» көрмесінің «Алтын белгісін» бір емес, үш қайтара иеленді. Көкөрімге бөленген Родина ауылының үйлері орталықтан жылытылады. Су жүйелерінің өзі 40,6 шақырымды, электр шамы тартылған асфальтты көшелердің аумағы 40 шақырымды алып жатыр. Үйлену тойы мен сәби туғандағы дәстүрлі базарлық 100 000 теңгеден. Ұжым мүшелері жылдық сыйақыны былай қойғанда, көп жерде ұмытыла бастаған 13-ші жалақы алады. «Жыл оқушысы» мен «Алтын белгі» иегерлері 150 000 теңгені иемденеді. Ұлы Жеңістің 65 жылдық мейрамында соғыс ардагерлері С.Глушко мен П.Богатыревқа «ВАЗ-2167» авто көлігі мінгізілді. Серіктестіктің кеңсесіне, өндірістік буындарына, әлеуметтік нысандарға бас сұға қалсаңыз, «Алғыс хаттар» көрмесіне тап болғандай күй кешетініңіз анық. Родина ауылының өзі облыстың «Үздік елді мекені», ал оның мәдени ошағы республиканың «Үздік клубы» атанды. «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» аталымы бойынша республикалық «Парыз» байқауының екі дүркін жеңімпазы болу да оңай шаруа еместігін тәптіштеп жатудың өзі орынсыз деп білеміз.

Осылайша жалғастыра беруге болар еді. Бірақ, менің айтпағым басқа жыр. Елбасының «Родинаға» сапарларында байқағаным, Нұрсұлтан Әбішұлы «Өзіміздің Иван Адамович» дегенді кішкене өзгерткізіп, әңгімесін «Есінде ме, Иван...» деп бастайды екен...

Ойымнан кетпей жүрген тақырыпты аша түсудің орайы келді жуырда. Шаруашылық 60 мың гектар егістіктің рекордты ырыздығын құт қамбаға құйып, көңілі жайланған тұс. «Есінде ме, Иван...» тектен-тек айтылмайды ғой, Елбасымен кезде сулеріңіздің кейбір сәттерін әңгімелесеңіз», деймін оған. Бұл жолы Иван Адамович кәдімгідей ашылды. Бұл күні кеше, Елбасының 3 желтоқсандағы «Родинаға» жұмыс сапарынан кейін іле-шала жасалған жедел сұхбат еді.

– Жаңа өзіңіз көрдіңіз, Мемлекет басшысы ауылымыздан риза көңілмен аттанды. Нұрсұлтан Әбішұлының «Тұңғыш Президент күні» мерекесінен кейінгі алғашқы сапары бізге түскені айтып жеткізгісіз абырой, – дейді И.Сауэр. – Президентпен кездесу көп болғанымен, еркінсіп кету мүмкін емес, әр кездесудің жауапкершілік жүгі ауырлай береді екен. Нұрсұлтан Әбішұлымен алғашқы кездесуім 1989 жылдың тамызында, біздің астықты алқабымызды аралаған шығында болып еді. Ол кісі 22 шілдеде Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болып сайланған. Ал, менің директорлық қызметіме екі жыл енді толған. Мені таңғалдырғаны, біріншіден, оның аңғарымпаздығы, еш нәрсені қалт жібермейтін қасиеті. Қолымды жең ішіне жасырып, өзімді барынша сергек ұстауға

тырысқаныммен, жол апатынан кейін ауруханадан ертерек шыққанымға ескерту жасады. Екіншіден, өзінің негізгі мамандығы металлург екендігіне қарамастан, біздің кеңшардың жер өңдеу ерекшелігі, егіншілік технологиясы, тұқым сұрыптау мәселелері туралы білікті ғалым-агроном деңгейінде пікір білдіруі.

Одан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен бірнеше рет жүздестім, дейді әрі қарай әңгіме сабақтаған Сауэр. Әсіресе, 1993 жылғы жаңбырлы қыркүйектегі шаруа шылығымызға сапары айрықша есімде қалды. Күн жарықтық шайдай ашылды. Президент: «Мен сіздерге қолайлы ауа райы мен жылылық алып келдім, енді астықты жинап аласыздар», деп қалжыңдап қояды (Дәл солай болды да). Одан кейін іс барысына ауысып: «Сен жас директорсың, жекешелендіруді неге қолдамайсың, реформаларды жақтамағаның ба?», деп маған сынай қарады. Мен батылданып, меншік түрінің мұндай формасы соншалықты өзгеріс әкелмейтінін айтып, жеке пікірлерімді ортаға салдым. Ол мені мұқият тыңдап, жанындағы ресми адамдарына менің айтқандарым бойынша ұсыныс жасауға нұсқау берді. Президент кісіні тыңдай білуімен қатар, қарапайым пікірдің өзін назардан тыс қалдырмайтынын, осы арқылы адамдарды қанаттандырып отыратынын қоғам дамуындағы нақты істерімен үнемі дәлелдей білетініне тәнті болдым.

Біздің 1994 жылғы 5 маусымдағы кездесуіміз ұмытылмас әсер қалдырды, деді әңгімесінің соңына таман Иван Адамович. Ауылымыздағы ардагерлер аллеясында Нұрсұлтан Әбішұлы жергілікті қариялармен бірге өз аққайыңын отырғызды. Ол қазір көркейіп өсіп тұр.

Тәуелсіздігіміздің бес жылдық мерекесіндегі салтанатта Елбасы қолынан алғашқы наградам, №3 «Достық» орденін алғаным мәңгі есте сақталады. Марапаттау рәсімінен кейін Нұрсұлтан Әбішұлының қабылдауында болып, 40 минуттай әңгімелестік. Ол маған жоғары лауазымды қызмет ұсынды. «Мен өз орнымда еліме көбірек пайда келтіремін», дегендей сылтаумен бас тарттым. Қатты қиналдым. Бірақ, ренжіген жоқ. Одан кейінгі кездесулерде маған деген ниеті мен ықыласын өзгерткен емес.

Мемлекет басшысы 2001 жылғы 18 наурыздағы сапарында да ауылымызға көтеріңкі көңіл күймен келді. Еуростильмен күрделі жөндеу жүргізілген мектебімізге риза болумен қатар, көпбалалы отбасынан дәм татып, теледидар сыйлады. Машина-трактор шеберханасында өңір шаруашылық басшыларымен кеңес өткізді. Ал 2008 жылдың 3 қыркүйегінде Германия Президенті Келлермен бірге тікұшақ пен келуі ауылымыз үшін нағыз мейрамға айналды. Осынау тарихи тұлғамен жүз көрісіп, қол алысқанымызға жиырма жылдан асып барады. Мен мынадай сөздерді үлкен құрметпен үнемі қайталап жүремін: «Құрметті Президент мырза, әрине, есімде және мұндай кездесулер әлі талай болады деп үміттенемін. Сіз біздің «Родинамыздың» аса құрметті азаматысыз, әрдайым төрімізден орын аласыз!» Біз бұған сөз қосып, толғаныс толқындарын бұзғымыз келмейді.

Осы орайда мақаламызды еңбек адамының, үлкен ұжым ұйытқысының өндірістік табыстарын тізбелеп түйін жасауды қалағанымызбен, мынадай тосын қадамға барғанды жөн көрдік. Иван Сауэр – инженер-механик, экономика ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық универ ситетінің құрметті профессоры, А.Бараев атындағы сыйлықтың лауреаты, «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің, Ұлттық кәсіпкерлік палатасы төралқасының, «ҚазАгроИнновация» АҚ директорлар кеңесінің, Ауыл шаруашылығы министрлігі сарапшылар кеңесінің мүшесі, «Қазақстанның ет-сүт одағы» басқарма төрағасы, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ-тың тәуелсіз директоры. Бұл да толық сурет болмағанымен, адам баласының бақыт баспалдақтарын ашып көрсетерлік дүние деп білеміз.

Бақберген АМАЛБЕК
«Егемен Қазақстан»

Ақмола облысы, Целиноград ауданы.